

Ерейментау аудандық мәслихаттың "Ерейментау ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 8С-26/2-24 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2026 жылғы 30 наурыздағы № 8С-52/6-26 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 3 сәуірде № 38299 болып тіркелді

Ерейментау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ерейментау аудандық мәслихатының "Ерейментау ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 8С-26/2-24 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8835-03 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Ерейментау ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен Қағидаларын бекіту туралы";

көрсетілген шешімнің 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. Ерейментау ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен Қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген шешімнің қосымшасындағы тақырып келесі редакцияда жазылсын:

"Ерейментау ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен Қағидалары.";

көрсетілген шешімнің қосымшасындағы 4-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"4. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеу сомасы мен көрсетілетін қызметті алушылардың осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Көрсетілетін қызметті алушының жиынтық кірісіне шығыстарының шекті жол берілетін деңгейі 5 (бес) процент мөлшерінде айқындалды.

Тұрғын үй көмегінің мөлшерін көрсетілетін қызметті беруші Қағидалардың 4-1-тармағына сәйкес есептейді."

2. "Ерейментау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі" мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Ерейментау аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ерейментау аудандық мәслихатының төрағасы

М. Абжиков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК